

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 297 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін жетілдіру, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін "PISA" халықаралық салыстырмалы зерттеулерге неғұрлым сапалы дайындау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 39, 516-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның индикаторлары" деген **7 - б ө л і м д е :**

"Бірінші кезең (2005 - 2007 жылдар)" деген кіші бөлімде: жиырма алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2010 жылға дейін 6238 білім беру ұйымы лингафон және мультимедиа кабинеттерімен қамтамасыз етілетін болады, бұл оқушылардың тілдік дайындығын жақсартуға ықпал ететін болады.";

қырық үшінші абзацтағы соңғы сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламалары

бойынша оқыту үшін жыл сайын Қазақстанның 3 мың азаматы үздік шетелдік жоғары оқу орындарына жіберілетін болады."; жетпісінші абзац алынып тасталсын; "Екінші кезең (2008-2010 жылдар)" деген кіші бөлімде: он жетінші абзац "Қазақстан" деген сөзден кейін "PISA," деген аббревиатурамен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК